

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № А-9/258 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 қазанда № 4998 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № А-3/91 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 16.03.2016 № А-3/91 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексiне, "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Жарқайың аудандық мәслихатының 2015 жылғы 17 тамыздағы № 5С-42/4 "Азаматтық қызметшiлер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс iстейтiн әлеуметтiк қамсыздандыру, бiлiм беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарының лауазымдық тiзбесiмен келiсу туралы" шешiмiне сәйкес, аудан әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кiрiспе жаңа редакцияда – Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкiмдiгiнiң 22.01.2016 № А-1/7 (ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.**

1. Азаматтық қызметшi болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс iстейтiн әлеуметтiк қамсыздандыру, бiлiм беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тiзбесi қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкiмiнiң орынбасары А.Қ.Әлжановқа жүктелсiн.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әдiлет департаментiнде мемлекеттiк тiркеуден өткен күнiнен бастап күшiне енедi және ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

4. Осы қаулы 2015 жылдың 01 шілдесінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Жарқайың ауданының әкімі*

*А. Үйсiмбаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Жарқайың аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*"15" 09 2015 жыл*

*Ұ.А.Ахметова*

Жарқайың ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "15" 09 № А-9/258  
қаулысымен бекітілген

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру маманының лауазымы:
  - 1) әлеуметтік қызметкер.
2. Білім беру мамандарының лауазымдары:
  - 1) мемлекеттік мекеменің, қазыналық кәсіпорынның басшысы және орынбасары;
  - 2) оқытушы – психолог;
  - 3) аға вожатый;
  - 4) кітапхана меңгерушісі;
  - 5) кітапханашы;
  - 6) барлық мамандықтағы мұғалімдер,
  - 7) медбике;
  - 8) тәрбиеші;
  - 9) әдіскер;
  - 10) музыкалық жетекші.
3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:
  - 1) клуб жетекшісі;
  - 2) мәдени ұйымдастырушы;
  - 3) кітапханашы.
4. Спорт маманының лауазымы:
  - 1) нұсқаушы.
5. Ветеринария маманының лауазымы:
  - 1) ветеринарлық дәрігер.

